

Бекітемін
«Балдарға» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі м.а.а. *Жылқы* Р. Жылысбаева

12 2024 жыл

«Біз көңілді балдырған!» Сауық кеш:



Тәрбиешілер: П. Бидаулетова
Р. Ходжакулова

2024-2025 оқу жылы

“Біз көңілді балдырған”

Мақсаты: салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы-таза ұрпақ тәрбиелеу. Балалардың денесін шындап, күш қуатын нығайту. Жарыс кезінде ойынға қызыға қатысуына жағдай жасау, бір - біріне деген достық қарым - қатынастарын дамыту.

Қажетті құралдар: шарлар, түрлі - түсті жалаушалар, денсаулық туралы нақыл сөздер, доптар, пирамидалар, көлшік, бақа атрибуты.

Тәрбиеші: Құрметті әріптестер, балабақша тәрбиеленушілері және спорт сүйер жанкүйер қауым. Бүгінгі «біз көңілді балдырған» атты спорттық ойынға қош келдіңіздер. Егеменді еліміздің ертеңі денсаулығы мықты азаматтар мен азаматшаларды тәрбиелеу біздің міндетіміз.

Міне, бүгінгі балабақша тәрбиеленушілерінің қатысуымен өткелі отырған «Біз көңілді балдырған» атты мерекелік сауықтыру іс - шарасын бастауға рұқсат етіңіздер.

Марш ойналып, балалар залға бірінің артынан бірі жүріп келеді.

Жан - жақты жаттықтыратын жаттығулар:

Бір қатармен жүру, жүгіру, екі қолды белге қойып аяқтың ұшымен жүру. Шеңберге тұрып, дем алу жаттығуын орындау.

Тәрбиеші: Бәрекелді балалар!

Тәрбиеші: Балалар денсаулық басты байлық. Балалар деніміз сау болу үшін, үнемі жеке бас тазалығын сақтап, денеміз шынықтырып, дұрыс тамақтанып, күн тәртібін сақтау керек. - Өте тамаша балалар!

Ал енді алдымен әділқазы мүшелерімен таныстырып өтейін.

1. Балабақша мейірбике: Базарбаева.М

2. Балабақша тәрбиеші; Ганиева ,Б.

Ал, кәне балалар « Балапан» және «Ботақан» тобы болып екі топқа бөлінейік.

Жарыстың бөлімдерін сіздерге айтып өтейін.

1. Сәлемдесу.

2. «Кім бірінші» ойыны

3. «Кім жылдам» ойыны

4. «Пингвиндер» ойыны

5. «Бақалар» ойыны

6. «Кім епті» ойыны

Тәрбиеші: Балалар сайысымызды бастамас бұрын әнұран орындайық.

- Бәрекелді балалар!

1 - кезең. Екі команданың сәлемдесуі.

1. «Балапан» тобына жалынды сәлем!

2.«Ботақан» тобына жалынды сәлем!

2 - кезең. Көк аспандай көкпеңбек,

Қазақстан жалауы.

Көк емес ол тектен тек,

Елдің ашық қабағы - деп «Кім бірінші» ойынын бастаймыз.

Ойын шарты: жалаушаны алып, жүгіріп межені айналып келу.

3 - кезең. Жүгір, жүгір желмен жарысып,

Жүгір желмен жарысып.

Нұрға аман,

Болып қыран.

Өс ұлан - деп « Кім жылдам» сайысына кезек берелік.

Ойын шарты: Жемістер мен көкөністерді жинау.

- Жарайсыңдар балалар, сендер неткен жылдам едіңдер.

4 - кезең. Спорт - біздің досымыз,
Күш қайрат сыйлаған.
Спорт - біздің досымыз,
Өсіп күнде шыңдалған - дей отыра «Пингвиндер» ойынын ойнайық.
Ойын шарты: допты екі тізесімен ұстап жүру.

5 - кезең. Қалма жұрттың соңында,
Қажет болса мың атта.
Аздық екен онында,
Жету үшін мәреге - деп келесі сайысымыз «Бақалар» ойыны.
Ойын шарты: бақалар шалшық судан секіріп, дауыстап, жүресінен отыра кету.
Тәрбиеші: - Бәрекелді балалар өте жақсы!
Қорытынды сайысымыз «Кім епті» ойыны.
Ойын шарты: кедергілер арасымен ирелеңдеп өтіп, пирамиданы құрастыру.
- Жарайсындар балалар!
Ән жұмбақ: «Бұл не?»
Құрметті апайлар бүгінгі спорттық ойынымыз өз мәресіне келіп жетті. Жеңімпаздарды анықтау үшін сөз кезегін әділқазыларға береміз. Бүгінгі қатысқан бүлдіршіндерімізге алғысымызды білдіреміз. Алдағы уақытта үлкен биіктерден көріне беріңіздер. Бүгінгі жеңістерің құтты болсын. Келіп, тамашалап көргендеріңізге рахмет. Деніміз сау болсын!